1157.	Хамит Ж. Р.	Роль проектного управления в развитии инновационной деятельности вуза	4968
1158.	Шамырзаев Б. Д.	Методы решения возникающих проблем в государственном управлении	4972
1159.	Ыбрахым Б. Х.	Қазақстанның ұлттық компанияларындағы операциялық тиімділікті басқарудың өзекті мәселелері (мұнай-газ саласындағы компаниялар негізінде)	4974

**Подсекция 7.6 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ТУРИЗМ: ЭКОЛОГИЯ,
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ТЕПЕ-ТЕҢДІГІ**

**УСТОЙЧИВЫЙ ТУРИЗМ В КАЗАХСТАНЕ: БАЛАНС ЭКОЛОГИИ,
ЭКОНОМИКИ И КУЛЬТУРЫ**

**SUSTAINABLE TOURISM IN KAZAKHSTAN: BALANCING
ECOLOGY, ECONOMY AND CULTURE**

1160.	Абдуллаева Жасмин Сайдуллақызы	Мейрамхана бизнесінде сандық технологиялардың қолданылуы	4977
1161.	Абдрахманов Айдар Серикович, Еремін Владислав Андреевич, Аюпова София Дулатовна	Современные тенденции цифрового маркетинга в гостиничной отрасли Казахстана	4980
1162.	Адебиет Анель Ерғазықызы	Туризмнің жергілікті қауымдастықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері	4985
1163.	Амержан Сабира Умурғалиқызы	Гастрономический туризм: влияние на ресторанный бизнес	4990
1164.	Балахметова Адия Болатқызы	Роль ТОО «Казахстанская атомная энергетическая станция» в содействии решения проблемы энергодефицита Республики Казахстан	4992
1165.	Бекмұхамбетова Іңкәр Маратқызы	Мейрамханалардағы тағам сапасын бақылау жүйелері	4995

1166.	Ғиззат Алтынай Ақанқызы	Культурное наследие как ресурс развития туристской индустрии Республики Казахстан	4999
1167.	Дәурен Айзат	Этно-қонақ үйлер – заманауи туризм мен дәстүрлі мәдениетті ұштастыру құралы ретінде	5003
1168.	Есмахай Фариза	Ежелгі Жібек жолы бойындағы мәдени-туристік маршруттарды дамыту	5009
1169.	Жөкен Баян Асанқызы	Қазақстандағы туризмнің Covid-19 пандемиясынан кейінгі жағдайы мен өзгерісі	5014
1170.	Жубан Әділжан Қуатұлы	Алматы тау кластері туристік индустрияны дамытудың драйвері	5022
1171.	Исабекова Жұлдызай Бекжанқызы	Туризмдегі кеңейтілген және виртуалды шындық технологияларының әлеуеті	5025
1172.	Исмагулов Армат Азаматұлы	Қонақ үй индустриясында 3D визуализацияны қолдану мүмкіндіктері	5028
1173.	Исмоилова Саломат Құрбонбековна, Михлибаев Сеитжан Маратович	Роль ЮНЕСКО в сохранении культурного наследия Таджикистана и Казахстана	5032
1174.	Калихан Айзере Алтайқызы	Экологические последствия строительства нового аэропорта в Катон-Карагай	5037
1175.	Көпей Адель	Катонқарағай ұлттық саябағында жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы қалдықтарды тазалау мүмкіндіктері: инновациялық тәсілдер және экологиялық тұрақтылық	5042
1176.	Кубайдоллинова Айнара	Туризмдегі мобильді технологиялар: болашағы мен мүмкіндіктері	5047
1177.	Муратбекова Диназ Муратбекқызы	Қазақстандағы тұрақты даму контекстіндегі киелі туризм	5052
1178.	Мухамбетқалиева Жансая Әбдіғабитқызы	Қазақстанның гастрономиялық мұрасы: туризмді дамытудағы рөлі	5056
1179.	Мұрат Аружан Әділханқызы	Роль этно-аулов в развитии внутреннего туризма в Казахстане	5064
1180.	Саурикова Жансая Қанатқызы, Мұсабек Ақерке	Қазақстандағы экотуризм: табиғатты аялау мен экономикалық даму арасындағы тепе-теңдік	5067
1181.	Нұрмағанбетқызы Нұрдана	Түркістан аймағында тұрақты туризмді қалыптастырудағы емдік туризмнің рөлі: Сарыағаш курорттық аймағы мысалында	5070
1182.	Омарова Кенжегуль Акмышевна	Состояние инфраструктуры в санаторно-курортных зонах Республики Казахстан	5074
1183.	Тоғайбаева Алина, Рамазан Рамина	Устойчивый туризм в Казахстане: баланс экологии, экономики и культуры на примере зоны отдыха - Алаколь	5079
1184.	Рустемова Сабира Муратовна, Абеуханова Еркежан Бахытбековна	Семей қаласының туристік әлеуеті	5083
1185.	Сайдханова Арайлым	Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағы	5087
1186.	Сайын Мадина Саматқызы	Лоукост әуе тасымалының Қазақстандағы туризм саласына ықпалы	5091

1187.	Таран Ерлесқызы	Нұрлы	Экотуризмнің Қазақстандағы рөлі	5095
1188.	Тулегенова Мейрамбекқызы	Лиана	Қонақ үй бизнесін басқаруда жасанды интеллекттің маңызы	5099
1189.	Утеубаев Назымбекович	Нурлыбек	Организационно-управленческие модели строительства школ за рубежом: уроки для Казахстана	5104
1190.	Фатай Қайсарқызы	Нұрлы	Қазақстанда жастар арасындағы білім беру туризмінің дамуы: мәселелері мен болашағы	5108
1191.	Хусаинов	Д.А.	Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне	5111
1192.	Шералы Өміржанқызы	Ақерке	Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)	5118
1193.	Altynay Kairatkyzy	Adilkhan	Cloud technologies as a way to automate the hotel industry	5121
1194.	Aza Yevloyeva		To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism	5128
1195.	Khamidullin Manapovich	Nurseil	Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region	5130
1196.	Kopbossyn Erlankyzy	Ayana	Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan	5135
1197.	Kuanysh B.B.		Big data technologies in hotel business	5138
1198.	Makhanova Maratovna	Aizhan	Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future	5143
1199.	Mikhlidayev Seitzhan Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna		The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan	5146
1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova Aidana		Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

- Құқықтық және реттеуші базаның толық қалыптаспауы – жасыл қаржы құралдары бойынша заңнаманы жетілдіру қажеттілігі.
- Қаржы институттарының қатысуының шектеулілігі – екінші деңгейлі банктердің жасыл жобаларды қаржыландыруға ынтасының төмендігі.
- Жасыл жобалардың ұзақ мерзімді қаржылық тиімділігінің анық еместігі – кейбір жобалар инвестициялық тұрғыдан ұзақ уақыт қайтарымдылықты талап етеді.
- Халықтың жасыл қаржы құралдары туралы ақпараттануының төмендігі – экологиялық инвестициялардың маңыздылығын түсіндіру қажет.

Қазақстанның тұрақты дамуындағы жасыл қаржының рөлін арттыру мақсатында мынадай ұсыныстар жасауға болады:

1. Құқықтық және институционалдық базаны нығайту;
2. Жасыл қаржыға жеке секторды тарту;
3. Халықаралық серіктестікті дамыту;
4. Халықты ақпараттандыру және білім беру;
5. Тиімділік мониторингін жетілдіру.

Қазақстанның тұрақты дамуы мен экономикалық өсуі экологиялық тұрақтылық қағидаттарымен үйлесуі керек. Бұл мақсатқа жетуде жасыл қаржы шешуші рөл атқарады. Жасыл облигациялар, экологиялық несиелер, жаңартылатын энергия көздеріне салынатын инвестициялар және көміртек нарығы сияқты құралдар елдің жасыл экономикаға көшуіне және халықаралық экологиялық міндеттемелерін орындауына көмектеседі. Болашақта Қазақстанның тұрақты дамуы үшін жасыл қаржы құралдарын кеңейту, кәсіпорындар мен банктерді экологиялық инвестицияларға ынталандыру, сондай-ақ халықтың экологиялық жауапкершілігін арттыру қажет. Бұл елдің экологиялық тұрақтыға өтуін жеделдетіп, әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті және экологиялық таза мемлекетке айналуына жол ашады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. БҰҰ Даму бағдарламасының Қазақстандағы бөлімі – www.undp.org/kazakhstan
2. Қазақстан Республикасының "Жасыл экономикаға көшу" тұжырымдамасы — 2013 ж.
3. «Қазақстан-2050» Стратегии: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты – ҚР Президентінің Жолдауы, 2012 ж.
4. Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейін көміртектік бейтараптыққа жету стратегии – ҚР ЭК– ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі,
5. Астана халықаралық қаржы орталығы (МФЦА) Жасыл қаржы орталығының есебі – А– МФЦА, 2022 ж.

ӘОЖ(33.336.2)

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЛЫҚ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БИЗНЕСКЕ ӘСЕРІ

Мұятова Балнұр,

muyatovab@bk.ru

Әукенова Асыл

aukenovaasyl1@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Қаржы кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Хамитхан Назгуль PhD., доцент м.а.

Қазіргі кездегі жаһандық экономиканың дамуы, яғни шаруашылық өмірдің барлық салаларының өзара ықпалдасуы мен халықаралық деңгейде байланысуы, әлемдік экономиканың түрлі секторларының бір-бірімен тығыз байланысуына жол ашуда. Бұл үдерісте салық саясаты мен салық жүйесінің үйлесімді жұмыс істеуі маңызды рөл атқарады.

Салық саясаты – мемлекеттің қаржы көздерін қалыптастырудың басты құралдарының бірі. Ол тек бюджетті толтырумен шектелмей, ел экономикасын қайта құру, оны дамыту және кеңейту, сондай-ақ әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыруға ықпал етеді.

Нарықтық экономиканы қалыптастыру кезеңінде салық саясатының басты мақсаты – салық жүйесін құру және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін тетіктерді іске асыру болып табылады.

Салықтар мемлекеттік бюджетке түсетін табыстың негізгі көзі ретінде маңызды орын алады. Олар елдің экономикалық дамуын және әлеуметтік бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз етеді. Салықтар мемлекеттің өмір сүруінің барлық кезеңдеріне тән құбылыс болып, өндірістік емес салаларды қаржыландыруға мүмкіндік береді.

Салық – бұл тек мемлекеттің табыс көзі ғана емес, сонымен қатар экономиканы реттеудің құралы. Ол салық төлеушілердің қаржылық жағдайына әсер ете отырып, елдің әлеуметтік-экономикалық құрылымына ықпал етеді. Салықтардың рөлі мемлекеттің сипаты мен экономикалық жүйесіне байланысты анықталады.

Салық мемлекеттік бюджеттің кірістерін қалыптастырудағы негізгі құрал ретінде қолданылады және бұл механизм нарықтық экономика жағдайында да өз өзектілігін сақтап келеді.[1]

Қазақстанның салық саясаты соңғы жылдары бірқатар өзгерістерге ұшырады. Мемлекет кәсіпкерлікті қолдау мақсатында салықтық жеңілдіктер ұсынып, салықтық әкімшілендіруді оңтайландыру бағытында жұмыс жасауда.

Салық саясатының бизнеске ықпалы әртүрлі факторларға байланысты. Жалпы, соңғы реформалар кәсіпкерлікті ынталандыруға бағытталғанымен, кейбір аспектілерде қиындықтар туындауы мүмкін.

Позитивті әсерлеріне тоқталсақ:

- ШОБ үшін салықтық жеңілдіктер бизнестің қаржылық жүктемесін азайтты.
- Салықтық әкімшілендіруді цифрландыру есептілік жүргізуді оңайлатты.
- Мемлекеттік қолдаудың арқасында жаңа бизнес бастау мүмкіндіктері артты.

Ал кездесетін қиындықтар:

ҚҚС мөлшерлемесі кейбір салалар үшін ауыр болуы мүмкін, әсіресе импортерлер мен өндіріс орындары үшін.

Салық заңнамасындағы жиі өзгерістер кәсіпкерлерге бейімделуді қиындатады. Көлеңкелі экономикаға қарсы күрес кейбір бизнес субъектілеріне қосымша жүктеме түсіреді.

Негізгі өзгерістер мен бастамаларға тоқталсақ:

Шағын және орта бизнесті қолдау: 2020 жылдан бастап шағын және микробизнестер үшін үш жылдық салықтық жеңілдік енгізілді. Бұл шағын кәсіпкерліктің дамуына ықпал етті.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы: Бұл мемлекеттік бағдарлама аясында кәсіпкерлерге қаржылық қолдау көрсетіліп, пайыздық мөлшерлемелер субсидияланды, кредиттер бойынша кепілдіктер берілді, гранттар ұсынылды және инфрақұрылым жетілдірілді. Нәтижесінде, көптеген жаңа жұмыс орындары құрылып, кәсіпкерлер ел бюджетіне салық түрінде 900 млрд теңге төледі. [2]

Цифрлық салықтық әкімшілендіру: «E-Salyq Business» қосымшасы енгізіліп, салық есептілігін жеңілдетуге мүмкіндік жасалды. Оның көмегімен дара кәсіпкер ретінде тіркелу, салық режимін таңдау және өзгерту, кірістерді есепке алу сияқты қызметтерді жүзеге асыруға болады.

ҚҚС мөлшерлемесі: Кейбір салалар үшін қосымша құн салығының (ҚҚС) төмендетілген мөлшерлемелері қарастырылған.

Көлеңкелі экономикамен күрес: Мемлекет салықтан жалтарумен күресті күшейтіп, цифрландыру арқылы бақылауды арттыруда.

Шағын және орта бизнес – мемлекеттің экономикалық дамуын жандандырып, халықтың экономикалық белсенділігін арттыруға ықпал ететін маңызды факторлардың бірі.


Сонымен қатар, ол бәсекеге қабілетті, серпінді және әртараптандырылған экономиканың қалыптасуына негіз болады.

Шағын және орта кәсіпкерлік – экономиканың негізін қалаушы буын. Оның даму деңгейі елдің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, жалпы ұлттық өнімнің сапасы мен құрылымын айқындайды.

Нарықтық экономикада шағын және орта бизнес екі негізгі қызметті атқарады: экономикалық және әлеуметтік. Экономикалық тұрғыдан ол бәсекелестікті дамытып, материалдық емес ресурстарды тиімді пайдалануға ықпал етеді, ішкі сұранысты күшейтіп, импортқа тәуелділікті төмендетуге септігін тигізеді. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, жұмыссыздық деңгейін азайтуға, кедейлікпен күресуге және экономиканың тұрақты дамуына мүмкіндік береді. Сондықтан бұл сектордың дамуы еліміз үшін аса маңызды.

Шағын және орта бизнестің дамуына әсер ететін негізгі тетіктердің бірі – салық саясаты. Салық салу жүйесі әділ әрі тиімді болуы қажет. Егер салық ауыртпалығы жоғары болса, кәсіпкерлер оны айналып өтудің жолдарын іздейді, бұл көлеңкелі экономиканың өсуіне алып келеді. Сол себепті салықтық жүктемені оңтайландыру және кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасау маңызды.

Салық саясаты халықтың әлеуметтік жағдайына да тікелей ықпал етеді. Сондықтан оны әзірлеу кезінде халықтың әл-ауқаты басты назарда болуы тиіс. [3]



Сурет-1. ЖИӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы қосылған құнының үлесі (%) 2014-2025 ж


Ескерту: Автормен құрастырылған дереккөзі [4]

ҚР ҰСБ таратқан ақпаратына назар аударсақ, 2023 жылдың қорытындысы бойынша ШОК-тің ел экономикасындағы үлесі -36,5%-ға жеткен. Алайда бұл дамыған елдермен салыстырғанда әлдеқайда аз. Дегенмен экономикадағы үлесі жоғары қарқынмен өсіп келеді деуге болады. Мысалы шағын орта кәсіпкерліктің ЖИӨ-дегі үлесі 2018 жылы-28,4% болды. Үкімет 2025 жылға қарай оның үлесін -35,0%-ға жеткіземіз деген межені 2022 жылы орындап қойды. Үкімет енді 2025 жыл үшін жаңа жоспар құрып, бұл көрсеткішті 40% дейін жеткізуге ниетті. (сурет-1) [4]

Көптеген дамыған елдерде ірі кәсіпорындарға қарағанда шағын және орта бизнеске көбірек мән беріледі. Өйткені тәжірибе көрсеткендей, түрлі экономикалық дағдарыстар

кезінде үлкен компаниялар өзгерістерге бейімделуде қиындықтарға тап болып, тіпті банкротқа ұшырауы мүмкін. Ал шағын және орта кәсіпорындар бұндай жағдайларға икемдірек болып, инновацияларды жылдам енгізе алады және сыртқы өзгерістерге тезірек бейімделеді.

Дамыған елдерде ШОК-тің экономикадағы (ЖІӨ-гі) үлесі 60-70%-ды құрайды. Мысалы, 2024 жылы АҚШ-та 64,2%, Жапонияда-66,2%, ЕуроОдақта 62,4% пайызға дейін жеткен. Алысқа бармай-ақ көрші Өзбекстанда ШОК-тің экономикадағы үлесі -51,2%-ға жетсе, Қырғызстанда 2023 жылы 43,3%-ға дейін жеткен. Бізде тек өңірлер бойынша осы көрсеткіште Астана қаласы-61,7%-ға жетсе, Алматы қаласының үлесі, 53,5%-ды құрап отыр. [4]



Сурет-2. Мемлекеттер бойынша ЖІӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы қосылған құнының үлесі (%), 2024 ж

Ескерту: Автормен құрастырылған дереккөзі [4]

2-суретте ТМД елдерімен салыстырғанда (сурет 1): Өзбекстанда – 51,2%; Қырғызстанда – 43,3%; Қазақстанда – 36,5%; Ресейде – 21%.

Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі 36,5% ғана, бұл көрсеткіш ел экономикасында ШОК-тің рөлін арттыру қажеттігін көрсетеді. Өңірлер бойынша Астана қаласында – 61,7%, Алматы қаласында – 53,5%, яғни, бұл екі қалада шағын және орта бизнес жалпы көрсеткіштен жоғары. [4]



Сурет-3. Шағын кәсіпкерлерді несиелендіру үлесі 2011-2022 жж

Ескерту: Автормен құрастырылған дереккөзі [5]


3-суретте Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерліктің (ШОК) экономикалық рөлін көрсетеді. 2011 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде ЖІӨ мен ШОК өнімдерін шығару динамикасы, сондай-ақ ШОК үлесінің өзгеруі көрсетілген. 2011-2022 жылдар аралығында екінші деңгейлі банктер (ЕДБ) берген несиелер көлемі айтарлықтай өсім көрсетті. Жалпы экономикалық несиелер портфелі 5778 млрд теңгеден 24424 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Шағын кәсіпкерлікке берілген несиелер де артқанымен, олардың үлесі тұрақсыз болып тұр. 2016 жылы 20,2%-ға жетіп, ең жоғары көрсеткіш тіркелсе, 2019 жылы 11%-ға дейін төмендеді. Соңғы жылдары өсім байқалып, 2022 жылы 17,8%-ға жетті.

Бұл деректер банктердің шағын бизнесті қаржыландырудағы саясаты уақыт өте өзгеріп отырғанын, бірақ соңғы кезеңде оң динамика байқалғанын көрсетеді.

Жалпы несие көлемі жыл сайын артып келеді, бұл экономикадағы қаржыландырудың өскенін білдіреді. Шағын кәсіпкерлікке бөлінген қаражат та ұлғайғанымен, оның жалпы несие ішіндегі үлесі айтарлықтай тұрақсыз. 2015-2016 жылдары дағдарыс әсерінен несие беру төмендеген, бірақ 2017 жылдан бастап қайта жаңданып, өсу динамикасын сақтаған.

Яғни, ЕДБ шағын кәсіпкерлікке несие бөлуді арттырғанымен, оның жалпы несие құрылымындағы үлесі үлкен өзгерістерге ұшырап отыр.



Сурет- 4. Шағын және орта кәсіпкерлік бөлінісінде ЖІӨ-дегі ШОК үлесі 2021-2023жж

Ескерту: Автормен құрастырылған дереккөзі [6]

4-суретте 2021-2023 жылдар аралығында (қаңтар-маусым кезеңінде) Қазақстанның жалпы ішкі өніміндегі (ЖІӨ) шағын және орта кәсіпкерліктің (ШОК) үлесі көрсетілген. Шағын кәсіпкерліктің ЖІӨ-дегі үлесі жылдан жылға артып келе жатқанын байқауға болады. 2021 жылмен салыстырғанда 2023 жылы 2,5%-ға артқан. Бұл шағын бизнестің экономикалық белсенділігі күшейгенін немесе қолдау шаралары нәтижелі болғанын білдіреді. Ал орта кәсіпкерліктің үлесі айтарлықтай өзгермеген, бірақ 2022 жылы аздап төмендеп, 2023 жылы қайта қалпына келген. Бұл салада тұрақтылық бар екенін, бірақ айтарлықтай серпіліс байқалмайтынын көрсетеді. Жалпы, мемлекет тарапынан шағын кәсіпкерлікті дамыту шаралары тиімді болуы мүмкін, бірақ орта кәсіпкерлікке де қосымша қолдау қажет.

Ұйымдарға салық салу процесін басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру мүмкіндіктерін зерттеу үшін салықтардың мәнін және олардың нарықтық экономикадағы атқаратын функцияларын нақтылаудан бастау қажет.

Салықтардың мәні, қызметтері және салық саясатының негізгі мәселелері әрдайым өзектілігін жоғалтпайды. Экономистердің пікірінше, салық дегеніміз – мемлекет пен муниципалитеттердің қызметін қаржылық қамтамасыз ету мақсатында меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында өздеріне тиесілі ақшаны иеліктен шығару түрінде ұйымдар мен жеке тұлғалардан алынатын міндетті, қайтарымызсыз төлем. Тарихи тұрғыдан алғанда, салықтар қоғамның жіктелуімен және мемлекеттің пайда болуымен бірге қалыптасты. Мемлекеттіліктің дамуымен бірге қоғамдағы салықтардың рөлі өзгерді, сондай-ақ экономистердің оларға қатысты көзқарастары да түрленді. Салық саясаты мемлекеттің ажырамас бөлігі болып саналады. Тиімді салық жүйелерін құрудың осындай теориялық негіздемесі әлемдік тәжірибемен дәлелденеді. [7]

Салықтардың мәні туралы теориялық ұстанымдардың қалыптасу тарихы олардың нақты экономикалық сипаттамаларын анықтауға мүмкіндік береді. Экономикалық санат

ретінде салықтың негізгі белгілерін ескеру арқылы салық салуды басқарудың тиімді жүйесін құрудың қажетті шарттары айқындалады.

Қазақстандағы салық саясаты бизнесті дамытуға бағытталғанымен, оны жетілдіру қажет. Ең алдымен, кәсіпкерлерге бейімделуге уақыт беру үшін салық заңнамасына жиі өзгерістер енгізуді азайту қажет. Яғни салық жүйесінің тұрақты болуы маңызды. Екіншіден, салық ауыртпалығын азайту қажет. Кейбір шағын кәсіп түрлері үшін ҚҚС мөлшерлемесін төмендету мүмкіндігін қарастырған жөн. Үшіншіден, көлеңкелі экономикамен тиімді күресу. Қолма-қол ақшасыз төлемдерді ынталандыру, салықтық рақымшылық енгізу секілді әдістерді жетілдіру қажет.

Қорытындылай келе, салық саясаты – мемлекеттің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі құралдардың бірі. Ол бюджетті толтырумен қатар, кәсіпкерлікті дамыту мен халықтың әл-ауқатын жақсартуға ықпал етеді. Алдағы жылдары салық саясатын одан әрі реформалау қажет, әсіресе, прогрессивті салық шкаласын енгізу және шағын бизнеске қолайлы жағдай жасау арқылы экономикаға оң әсер етуге болады. Қазіргі заманғы технологиялардың дамуы салықтық бақылау мен мониторинг жүйесін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Big Data, жасанды интеллект және блокчейн технологияларын енгізу арқылы салықтық алаяқтықтың алдын алу және салық есептілігін нақты уақыт режимінде бақылау жүзеге асырылады. Бұл тәсіл деректерді талдауды жетілдіріп, салықтық әкімшілендірудің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Шағын және орта бизнес субъектілеріне қаржылық жүктемені азайту мақсатында жеңілдетілген салық режимін енгізу маңызды. Стартаптар мен шағын кәсіпорындарға төмендетілген салық мөлшерлемелері, арнайы режимдер мен патенттік жүйелерді қолдану арқылы олардың дамуына қолайлы жағдай жасалады. Бұл тәсіл кәсіпкерлікті қолдап, инновациялық бастамалардың қарқын алуына серпін береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының салық саясаты: <https://stud.kz/referat/show/39037>
2. «Бизнестің жол картасы-2020»: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upp/press/news/details/286227>
3. Қазақстанда шағын және орта бизнестің дамуындағы салық салу ерекшеліктері: <https://stud.kz/referat/show/49164>
4. Шағын және орта кәсіпорындар 2029 жылға қарай ЖІӨ еселенуіне қаншалықты үлес қоса алады? <https://kz.kursiv.media/kk/2024-06-18/nrls-biznes/>
5. Қазақстан мен оның аймақтарындағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму жағдайы туралы есеп: https://damu.kz/upload/iblock/e24/iqxbmtfqtuz31o7ku0cswj8fwm1hjge/%D0%94%D0%B0%D0%BC%D1%83%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7_3.pdf?ysclid=m8uj0qtkc7801678008
6. Шағын және орта кәсіпкерлік: [https://stat.gov.kz/upload/iblock/cec/vj4mb35jz4uodb5vwg93xs6qt7czst3z/%D0%91-02-04-%D0%9A%20\(2-2023\)%D0%BA%D0%B0%D0%B7.pdf](https://stat.gov.kz/upload/iblock/cec/vj4mb35jz4uodb5vwg93xs6qt7czst3z/%D0%91-02-04-%D0%9A%20(2-2023)%D0%BA%D0%B0%D0%B7.pdf)
7. Кәсіпорындардың инновациялық қызметін салықтық ынталандыру шаралары: <https://stud.kz/referat/show/108832>